

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 11 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 19 сәуірдегі № 49 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 52-бабының 2-тармағына, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 11-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **ш е ш т і**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 11 шешімімен бекітілген Қырғыз Республикасында Кеден одағының техникалық регламенттерін қолданысқа енгізу тәртібінің IV бөліміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) екінші абзацтағы "2023 жылғы 12 тамызға" деген сөздер "2025 жылғы 12 тамызға" деген сөздермен, "2025 жылғы 1 қаңтарға" деген сөздер "2027 жылғы 1 қаңтарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) үшінші абзацтағы "2023 жылғы 12 тамызға" деген сөздер "2025 жылғы 12 тамызға" деген сөздермен ауыстырылсын;

в) төртінші абзацтағы "2025 жылғы 1 қаңтарға" деген сөздер "2027 жылғы 1 қаңтарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

г) алтыншы абзацтағы "2024 жылғы 12 тамызға" деген сөздер "2026 жылғы 12 тамызға" деген сөздермен, "2023 жылғы 12 тамызға" деген сөздер "2025 жылғы 12 тамызға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2. Қырғыз Республикасы Министрлер Кабинетінен:

осы Шешім күшіне енгізілген күннен бастап уәкілетті органдардың айналымға шығарылған өнімге Қырғыз Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бақылауды жүзеге асыруын қамтамасыз ету;

Қырғыз Республикасының мұнай өңдеу кәсіпорындарын Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы № 826 шешімімен қабылданған "Автомобиль және авиациялық бензинге, дизельдік және кеме отынына, реактивті двигателдер мен мазуттарға қойылатын талаптар туралы (КО ТР 013/2011)" Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келетін автомобиль бензині мен дизельдік отынды айналысқа шығаруға көшіруді көздейтін іс-шаралар кешенін 2025 жылғы 12 тамызға дейін қамтамасыз ету сұралсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Алқасы Төрағасының
міндетін уақытша атқарушы*

В. Назаренко

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК